

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық емес  
акционерлік қоғамы

Автоматика және ақпараттық технологиялар институты

Автоматтандыру және басқару кафедрасы

6B07103 – Автоматтандыру және роботтандыру

Керимкулова Дильназ Маратовна

«Макарон өнімдерін өндіруді автоматтандыру»

Дипломдық жобаға  
**ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА**

6B07103 – Автоматтандыру және роботтандыру

Алматы 2023

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық емес  
акционерлік қоғамы

Автоматика және ақпараттық технологиялар институты

Автоматтандыру және басқару кафедрасы

**ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ**

Автоматтандыру және басқару  
кафедрасының меңгерушісі,

физика-математика

ғылымдарының кандидаты

Алдияров Н.У.

2023 ж.



### ДИПЛОМДЫҚ ЖОБА

Тақырыбы: «Макарон өнімдерін өндіруді автоматтандыру»

6B07103 – Автоматтандыру және роботтандыру

Орындаған

Керимкулова Д.М.



Рецензент  
ЖШС «ТӘЛМҮЗ» зауытының  
директоры

Шакиров Б.М.

«2» 06 2023 ж.

Ғылыми жетекші  
тех.ғыл.маг.,  
аға оқытушы

Искакова А.М.

«2» 06 2023ж.

Алматы 2023



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық емес  
акционерлік қоғамы

Автоматика және ақпараттық технологиялар институты

Автоматтандыру және басқару кафедрасы

6B07103 – Автоматтандыру және роботтандыру

**БЕКІТЕМІН**

Автоматтандыру және басқару  
кафедрасының меңгерушісі,

физика-математика  
ғылымдарының

кандидаты  
Алдияров Н.У.

2023 ж.



**Дипломдық жобаны орындауға арналған  
ТАПСЫРМА**

Білім алушы : Керимкулова Дильназ Маратовна

Тақырыбы: «Макарон өнімдерін өндіруді автоматтандыру»

Университеттің «23» қараша 2022 жылғы Б.Жаутиков жарлығы бойынша ғылыми кеңесінің  
№408-П/Ө шешімімен бекітілген

Аяқталған жоба тапсыру мерзімі: « 7 » маусым 2023ж.

Дипломдық жобаның бастапқы деректері: технологиялық бөлім; негізгі бөлім; есептік бөлім;

Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі:

а) Макарон өнімдерін өндіруді автоматтандыру;

ә) Визуализациялау ортасын таңдау;

б) АРЖ бойынша математикалық модель құру.

Графикалық материалдар тізімі (міндетті сызбаларды дәл көрсете отырып): функционалдық  
сұлба.





Жоба презентациясы слайдтарда 25 көрсетілген


Ұсынылатын негізгі әдебиеттер: [Ибраев А.Х.], Исакова А.М. Технологические измерения и  
приборы ISBN 978-601-323-021-4, Учебно-методический комплекс дисциплины/ АЛМАТЫ,  
«Шикула», 2017 ; Бейсембаев А.А. Сызқты автоматты реттеу жүйелері. Бөлім I. 5B070200 –  
«Автоматтандыру және басқару» мамандығы бойынша күндізгі бөлімнің студенттері үшін  
практикалық сабақтарды өткізуге және курстық жұмысты орындауға арналған әдістемелік  
нұсқаулары. Алматы: КазҰТЗУ, 2015. Борисов В.В. Нечеткие модели и сети / Борисов  
Борисов В.В., Круглов В.В., Федулов А.С. – М.: Горячая линия – Телеком, 2007. – 284 с.  
атаулары


Дипломдық жобаны дайындау  
Кестесі

Бөлімдердің атауы, зерттеп дайындалатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекшіге ұсыну мерзімдері	Ескерту
Технологиялық бөлім	18.01.2023-06.02.2023	
Негізгі бөлім	20.02.2023-06.04.2023	
Есептік бөлім	07.04.2023-10.05.2023	

Аяқталған дипломдық жұмыс (жоба) үшін, оған қатысты бөлімдердің жұмыстарын (жобасын) көрсетумен, кеңесшілер мен норма бақылаушының қойған қолдары

Бөлімдер атауы	Ғылыми жетекші, консультанттар, Т.А.Ә. (уч. дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Технологиялық бөлім	Искакова А.М., тех.ғыл.маг., аға оқытушы	25.05.23	
Негізгі бөлім	Искакова А.М., тех.ғыл.маг., аға оқытушы	25.05.23	
Есептік бөлім	Искакова А.М., тех.ғыл.маг., аға оқытушы	25.05.23	
Нормоконтроллер	Жанабаева Эльмира тех.ғыл.маг., ассистент	25.05.23	

Ғылыми жетекші  (қолы) Искакова А.М.

Тапсырманы орындаушы қабылдады  (қолы) Керимкулова Д.М.

Күні

«24» 01 2023 ж.



«Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

## ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІНІҢ ШҚІРІ

Дипломдық жоба

(жұмыс түрлерінің атауы)

Керимкулова Дильназ Маратовна

(оқушының аты жөні)

6В07103 «Автоматтандыру және роботтандыру»

(мамандықтың атауы мен шифрі)

Тақырыбы : Макарон өнімдерін автоматтандыру

Берілген дипломдық жобада макарон өнімдерін автоматтандыру жүйесі жасалды. Дипломдық жобада нысанның белгіленуі және зерттеу есебі, сонымен қатар басты мәселесі, технологиялық үрдісі, параметрлері, ерекшеліктері, құрылымдық сұлбасы сияқты үрдістерді келтірілген.

Технологиялық бөлімде макарон өнімдерінің классификациясы, қамыр ингредиенттерін дозалау және араластыру, жұмысы қарастырылған.

Арнайы бөлімде - шнектік камерадағы қамырдың жылжуы, технологиялық параметрлерді өлшеу құралдары. Сонымен қатар, есептік бөлімде ылғалдылықты реттейтін автоматты басқару жүйесінің моделі

АБЖ үшін зерттелінетін объектінің математикалық модельдеуі жасалынған. ПІА PORTAL ортасында жасалған визуализациясы мен бағдарламасы көрсетілген

Жалпы дипломдық жобаны барлық ҚазҰТЗУ СТ - 09 – 2023 мәтіндік және графикалық материалды құруға, көрсетуге, безендіруге және мазмұнына қойылатын жалпы талаптар өз деңгейінде орындалды, Керимкулова Дильназ Маратовнаны автоматтандыру және роботтандыру мамандығы бойынша техника және технология саласының бакалавры квалификациясын беруге лайықты деп ұсынамын.

### Ғылыми жетекші:

Қ.И Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ

«Автоматтандыру және басқару» кафедрасының

Техника ғылымдар магистрі., аға оқытушы

Искакова А. М.

«2» маусым 2023 ж.



«Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

## РЕЦЕНЗИЯ

Дипломдық жоба  
(жұмыс түрлерінің атауы)

Керимкулова Дильназ Маратовна  
(оқушының аты жөні)

6B07103 «Автоматтандыру және роботтандыру  
(мамандықтың атауы мен шифрі)

Тақырыбы : Макарон өнімдерін автоматтандыру

Орындалды:

а) графикалық бөлім \_\_\_\_\_ 18 \_\_\_\_\_ парақ  
б) түсініктеме \_\_\_\_\_ 51 \_\_\_\_\_ бет

## ЖҰМЫСҚА ЕСКЕРТУ

Бұл дипломдық жобада тапсырма бойынша макарон өнімдерін автоматтандыру жүйесі жасалды. Дипломдық жобада нысанның белгіленуі және зерттеу есебі, сонымен қатар басты мәселесі, технологиялық үрдісі, параметрлері, ерекшеліктері, құрылымдық сұлбасы сияқты үрдістерді келтірілген.

Технологиялық бөлімде макарон өнімдерінің классификациясы, қамыр ингредиенттерін дозалау және араластыру, жұмысы қарастырылған.

Арнайы бөлімде - шнектік камерадағы қамырдың жылжуы, технологиялық параметрлерді өлшеу құралдары. Сонымен қатар, есептік бөлімде ылғалдылықты реттейтін автоматты басқару жүйесінің моделі

АБЖ үшін зерттелінетін объектінің математикалық модельдеуі жасалынған. ПІА PORTAL ортасында жасалған визуализациясы мен бағдарламасы көрсетілген

## ЖҰМЫС ҮШІН ЕСКЕРТПЕЛЕР

Дипломдық жобада кейбір техникалық сөздер дұрыс аударылмаған.

## ЖҰМЫСТЫҢ БАҒАСЫ

Жалпы дипломдық жобаны А (95%) деп бағалауға, Керимкулова Дильназ Маратовна автоматтандыру және роботтандыру мамандығы бойынша техника және технология саласының бакалавры квалификациясын беруге лайықты деп ұсынуға болады.



Рецензент

ЖИЭС «ТМЗ» зауытының директоры  
(қызметі, ығл. дәрежесі, атағы)

Шакиров Б. М.

(жолы)

« 2 »

06

2023 ж.



**Протокол анализа Отчета подобия  
заведующего кафедрой / начальника структурного подразделения**

Заведующий кафедрой / начальника структурного подразделения заявляет, что я ознакомился(-ась) с Полным отчетом подобия, который был сгенерирован Системой выявления и предотвращения плагиата в отношении работы:

**Автор:** Керимкулова Дильназ Маратовна

**Название:** «Макарон өнімдерін өндіруді автоматтандыру»

**Координатор:** Исакова Айгул Малдыбековна

**Коэффициент подобия 1:** 3.31%

**Коэффициент подобия 2:** 1.70%

**Замена букв:** 25

**Интервалы:** 0

**Микропробелы:** 0

**Белые знаки:** 0


**После анализа отчета подобия заведующий кафедрой / начальника структурного подразделения констатирует следующее:**

- обнаруженные в работе заимствования являются добросовестными и не обладают признаками плагиата. В связи с чем, признаю работу самостоятельной и допускаю ее к защите;
- обнаруженные в работе заимствования не обладают признаками плагиата, но их чрезмерное количество вызывает сомнения в отношении ценности работы по существу и отсутствием самостоятельности ее автора. В связи с чем, работа должна быть вновь отредактирована с целью ограничения заимствований;
- обнаруженные в работе заимствования являются недобросовестными и обладают признаками плагиата, или в ней содержатся преднамеренные искажения текста, указывающие на попытки сокрытия недобросовестных заимствований. В связи с чем не допускаю работу к защите.

Обоснование: В результате проверки на антиплагиат были получены коэффициенты: Коэффициент подобия 1: 3.31% и Коэффициент подобия 2: 1.70%. Работа выполнена самостоятельно и не несет элементов плагиата. В связи с этим, признаю работу самостоятельной и допускаю ее к защите перед государственной комиссией.

«01» июня 2023 г.


Дата

  
Подпись заведующего кафедрой /  
начальника структурного подразделения

**Окончательное решение в отношении допуска к защите, включая обоснование:**  
Дипломный проект допускается к защите.

«01» июня 2023 г.

Дата

  
Подпись заведующего кафедрой /  
начальника структурного подразделения

**Протокол анализа Отчета подобия Научным руководителем**

Заявляю, что я ознакомился(-ась) с Полным отчетом подобия, который был сгенерирован Системой выявления и предотвращения плагиата в отношении работы:

**Автор:** Керимкулова Дильназ Маратовна

**Название:** «Макарон өнімдерін өндіруді автоматтандыру»

**Координатор:** Искакова Айгул Малдыбековна

**Коэффициент подобия 1:** 3.31%

**Коэффициент подобия 2:** 1.70%

**Замена букв:** 25

**Интервалы:** 0

**Микропробелы:** 0

**Белые знаки:** 0


**После анализа Отчета подобия констатирую следующее:**

- обнаруженные в работе заимствования являются добросовестными и не обладают признаками плагиата. В связи с чем, признаю работу самостоятельной и допускаю ее к защите;
- обнаруженные в работе заимствования не обладают признаками плагиата, но их чрезмерное количество вызывает сомнения в отношении ценности работы по существу и отсутствием самостоятельности ее автора. В связи с чем, работа должна быть вновь отредактирована с целью ограничения заимствований;
- обнаруженные в работе заимствования являются недобросовестными и обладают признаками плагиата, или в ней содержатся преднамеренные искажения текста, указывающие на попытки сокрытия недобросовестных заимствований. В связи с чем, не допускаю работу к защите.

Обоснование: В результате проверки на антиплагиат были получены коэффициенты: Коэффициент подобия 1: 3.31% и Коэффициент подобия 2: 1.70%. Работа выполнена самостоятельно и не несет элементов плагиата. В связи с этим, признаю работу самостоятельной и допускаю ее к защите перед государственной комиссией.

«30» мая 2022 г.

Дата



Подпись Научного руководителя



## **АНДАТПА**

Бұл дипломдық жоба макарон өнімдерін өндіруді автоматтандыру жайында жазылған. Макарон өнімдерінің классификациясы тақырыпшасында өнімнің түрлері, әр макарон түрінің қандай сұрыпты ұннан жасалатыны, өнімдердің пішіні мен ұзындығы қамтылған. Келесі тақырыпша өнімдерді өндірудің негізгі кезеңдерін қамтиды. Яғни, шикізаттың дайындығы, қамырдың дайындалуы, қамырдың пресстелуі, шикі өнімнің бөлшектенуі, кептіру, кептірілген өнімнің суытылуы, стандарттық өнімдердің қапталуы.

Жобаның арнайы бөлімінде макарон өндіру үрдісінің сипаттамасы қарастырылып, соған сәйкес басқару жоспарының математикалық қойылымы Matlab ортасында Simulink пакетінде жасалды. Сонымен қатар TIA Portal бағдарламалық ортасында анимациясы құрастырылды.

## **АННОТАЦИЯ**

Этот дипломный проект посвящен автоматизации производства макаронных изделий. Классификация макаронных изделий включает в себе виды макаронных изделий, сорта муки каждого макаронного изделия, их длину и форму. Следующий подзаголовок представляет собой этапы производства изделий. То есть, подготовка сырья, подготовка теста, прессование теста, дробление сырого продукта, сушка, охлаждение высушенного продукта, стандартная упаковка продукта.

В специальном разделе проекта рассматривается описание процесса производства макаронных изделий. Исходя из этих данных была создана математическая модель в программе Matlab в пакете Simulink. А в программном обеспечении TIA Portal была создана анимация модели.

## **ANNOTATION**

This thesis is devoted to the automation of pasta production. The classification of pasta includes types of pasta, types of flour for each pasta, their length and shape. The next subheading represents the stages of production of products. That is, raw material preparation, dough preparation, dough pressing, raw product crushing, drying, dried product cooling, standard product packaging.

In a special section of the project, a description of the pasta production process is considered. Based on these data, a mathematical model was created in the Matlab program in the Simulink package. And in the TIA Portal software, an animation of the model was created.

## МАЗМҰНЫ

Кіріспе	7
1 Технологиялық бөлім	8
1.1 Макарон өнімдерінің классификациясы	8
1.2 Макарон өнімдерін өндірудің негізгі кезеңдерінің қысқаша сипаттамасы	11
1.3 Макарон өнімдерін өндіру үшін шикізаттар	16
1.4 Қосымша шикізаттар	19
1.5 Ұнды дайындау	20
1.6 Қамыр ингредиенттерін дозалау және араластыру	21
2 Арнайы бөлім	23
2.1 Шнектік камерадағы қамырдың жылжуы	23
2.2 Қамыр ылғалдылығы	25
2.3 Қамыр температурасы	25
2.4 Шнек өнімділігі	26
2.5 Техникалық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар	28
2.8 Технологиялық параметрлерді өлшеу құралдары	28
3 Есептік бөлім	31
3.1 Ылғалдылықты реттейтін автоматты басқару жүйесінің моделі	31
3.2 Бағдарламалық пакеттер	36
3.3 Болжамдар тізімі	36
3.4 Зерттелінетін объектінің математикалық моделін құру	37
3.5 Біріншілік түрлендіргіштің құрылымдық схемасын құру	38
3.6 Реттегіштің моделін құру	39
3.7 Басқару объектісінің моделін құру	39
3.8 АРЖ теңдеулер жүйесін құру	40
3.9 Кептіргіштің математикалық моделін құру	40
3.10 Бағдарламалық пакеттер	43
3.11 TIA Portal бағдарламасында контроллер таңдау	43
Қорытынды	49
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	50
А қосымшасы	51



## КІРІСПЕ

Макарон өнімдері ежелден бері жасалынып келеді. Алдымен тегіс кеспе түрінде болса, кейінірек түтік тәріздес макарон түрінде шығарылды. Кеспені дайындау әдісінің алғашқы сипатталуы римдық гурман Апичоның аспаздық трактаттарында кездеседі.

Қалай дегенмен, XIV ғасырдың ортасына дейін, макарон өнімдерін тек үй жағдайында ғана жасалынған.

Макаронды дайындауға арналған қарапайым техникасы бар алғашқы кішігірім цехтар Италияда XIV ғасырдың соңында пайда болған. Макарондар цехтың сөрелерінде орнатылған бұрандалық ағаш пресстерде пресстеліп, рамкаларда кептірілген. XIX ғасырда техниканың дамуы бу машиналарын қолдануына, сонымен қатар қатты макарон қамырын өңдеу үшін механикалық қамыр елегіштер, қуатты гидравликалық пресстердің пайда болуына алып келді.

Негізінен макарон өнімдері күнделікті тұрмыстағы ең маңызды азық түрі болып табылады. Яғни оның қарапайым адамдар арасында қол жетімділігі, құнарлығы, сонымен қатар тез дайындалуы сияқты факторларды жатқызуға болады. Сондықтан макарон өнімдерін өндіру мемлекет үшін тиімді бағыт болып табылады. Экспорттар арқасында мемлекеттің дамуына септігін тигізетін табыс көзі.

Жобаның мақсаты. Макарон өндірісін автоматтандыру. Өндірісті автоматтандыру нәтижесінде жұмыстың қарқындылығын тексеріп, максималды өнім алуға және адам жұмысын жеңілдетуге, сонымен қатар уақытты үнемдеуге тиімділеу.

Жұмыстың міндеті. Макарон өндірісін өндіруді автоматтандыратын басқару жүйелерін зерттеу. Реттелетін процестердің тұрақтылығын қамтамасыз ету мен сыртқы шарттардың өзгеруі жағдайында реттелетін процестің тиімді режимін қолдануға мүмкіндік беретін реттелетін параметр мәндерін тұрақтандыру болып табылады.

## 1 Технологиялық бөлім

МЕМСТ 31743-2017 сәйкес макарон өнімдері дегеніміз дәнді-дақылдарды өңдеп, оған қосымша қоспалар мен су араластырылып, кептіру жолы арқылы алынатын өнім[1].

### 1.1 Макарон өнімдерінің классификациясы

Макарон өнімдерінің құрамында көптеген көмірсулар бар. Өнімнің тағамдық құндылығы құрамындағы ақуыздар, витаминдер, микроэлементтермен бағаланады. Макарон өнімдеріне жұмыртқа қоспалары мен сүт өнімдерін қосу арқылы ақуыздың құрамын 15-20%-ға арттыра аламыз. Кейбір макарондарға көкөніс қоспаларын қосады, ол дегеніміз өнімнің түсін ғана өзгертіп қоймай, сонымен қатар минералды құрамының жақсаруына да септігін тигізеді.

Қоректік азық ретіндегі макарон өнімдерінің негізгі артықшылықтары:

– Қасиеттерін өзгертпестен ұзақ уақытқа сақталу қабілеттілігі: макарон өнімдері еш қатпайды, печенье және басқа да құрғақ дақылдар сияқты гигроскопиялы емес, тасымалдауға шыдамды;

– Дайындаудың тездігі мен қарапайымдылығы (қайнату ұзақтығы өнім түріне байланысты 3-тен 20 минутқа дейін жетеді);

– Жоғары азықтық құнарлығы: 100г құрғақ макарон өнімдерінен жасалынған тағам, 10-15% ақуыз бен көмірсутегілер адамның тәуліктік қажеттілігін қанағаттандырады;

Макарон өнімдерінің негізіне кіретін классификациялық сипаттамалары МЕМСТ 31743-2017 сәйкес бекітілген. Макарон өнімдері қолданылатын шикізаттарға байланысты келесі топтарға бөлінеді: А - қатты бидайдан алынған ұн (МЕМСТ 31463-2012); Б тобы үшін жұмсақ бидайдан алынатын ұн қолданылады (МЕМСТ 31491-2012); В тобы үшін нан өнімдері мен жалпы қолданысқа арналған бидай ұны қолданылады (МЕМСТ 52189-2003). Макарон өнімдерін сұрыптарға жіктеу классификациясы ұнның күлділігінің көрсеткіштеріне негізделеді. Макарон өнімдерінің күлділігі өнімдерді шығару барысында қолданылатын шикізат (жұмыртқа өнімдері, құрғақ сүт, көкөніс ұнтақтары) күлділігіне байланысты өзгереді. Қосымша шикізат қоса отырып дайындалған макарон өнімдерінің тобы мен сұрыпын белгілеу үшін өнімнің атауы қосылатын шикізат атауымен толықтырылады. Мысалы, шикізат ретінде жұмыртқа ұнтағы қосыла отырып жоғары сұрыпты ұннан жасалатын А тобына жататын макарон өнімдерінің белгіленуі: «А тобы жоғары сұрыпты, жұмыртқалы»[1].

Макарон өнімдері формалау әдісіне байланысты келесі түрлерге бөлінеді:

- Кесілген бұйымдар пышақ көмегімен тығыздалған қамыр таспасының көмегімен жасалады;

- Пресстелген өнімдер – матрица көмегімен нығыздау арқылы жасалады;



- Мөрленген өнім – тығыз қамырды таспа көмегімен мөрлеу арқылы жасалады[2].



1.1 – сурет – Түтік тәріздес өнімдер:  
а - макарондар, б - рожкалар, в – қауырсындар

Макарон өнімдері пішініне байланысты МЕМСТ 12149-2010 бойынша келесі типтерге бөлінеді: түтік тәріздес, жіп тәріздес (вермишель), лента тәріздес (кеспе) және фигуралы[1].

Кесте 1.1– Түтік тәріздес өнімдерді түрлерге бөлу

Түрі	Пішіні	Өнім ұзындығы,см
Макарондар	Түзу немесе толқын тәріздес қиылысы бар тұрба	Қысқа – 15...20 Ұзын-20дан кем емес (ілініп кептірілгенде ұзынырақ бұта үшін екінші бұта ұзындығы шектелмейді)
Рожки	Тура қиылысы бар бүгілген немесе түзу тұрба	Сыртқы қисық бойынша – 1,5...4,0; Әуесқойлығы– 3,0...10,0
Қауырсын	Қисық қиылыс тұрбасы	Тік бұрыштан доғалға дейін -3,0 -10,0
Макарондық сынықтар	Деформирленген макарондар, сынықтар және макарон қиындылары	5,0...13,5


## Кесте 1.2 – Түтік тәріздес өнім типтерін түрлерге бөлу

Тип	Түрі	Қиылуы*,мм	Қабырғасының қалыңдығы**,мм
Макарондар, рожки, қауырсын	Соломка(қауырсыннан басқа)	4,0 дейін	1,5 артық емес (қаптама бірлігіндегі 5% массасынан аспайтын 2,0ге дейін рұқсат етіледі)
	Ерекше	4,0...5,5	
	Қарапайым	5,6....7,0	
	Әуесқойлық	7,0 артық	

Ұзындығына байланысты вермишельді қысқа (қысқа кесілген) – 1,5 см-ден кем емес және ұзын (екі рет бүгілген) – ұзындығы 20см-ден кем емес, сонымен бірге егер вермишель партиясының 20%-ы 20см-ден кем болса, онда оны қысқалар қатарына ауыстырады[8].

Ұзын шетелдік өндірістегі вермишельді спагетти деп атайды.

Лента тәріздес өнімдер (лапша) (1.3-сурет) мөлшері мен формасына байланысты түрлі типтері мен аттарымен шығарады: тегіс және рифлендік сыртқы қабатымен, түзу, аратәріздес, толқынтәріздес және басқа да осы тектес жиектермен[2].



1.2-сурет – Лента тәріздес өнімдер (лапша):  
а - ұзын, б – қысқа кесілген

Лапша ені 3 тен 10мм-ге дейін болуы қажет ( «Толқын» лапша ені 25мм-ге дейін). Лапша қалыңдығы 2мм-ден аспауы қажет. Лапшаны ұзындығы бойынша вермишель сияқты класстарға бөледі, сонымен қатар вермишель сияқты партияның 20%-ы 20см-ден кем болса, онда оны қысқалар қатарына ауыстырады[8].

Фигуралы өнімдер (1.3-сурет) пресстеу немесе штамптеу арқылы жасалынады. Фигуралы өнімдер кез келген форма мен мөлшерде шығарылуы мүмкін, бірақ максимал қалыңдығы өнімнің кез келген бөлігінде пресстелген өнімдер үшін 3,0 мм аспауы қажет және 1,5 мм штампталғандар үшін[8].



## **1.2 Макарон өнімдерін өндірудің негізгі кезеңдерінің қысқаша сипаттамасы**

Макарон өнімдерін өндіру процесі келесідей негізгі операциялардан тұрады: шикізаттың дайындығы, қамырдың дайындалуы, қамырдың пресстелуі, шикі өнімнің бөлшектенуі, кептіру, кептірілген өнімнің суытылуы, стандарттық өнімдердің қапталуы[4].

### **1.2.1 Шикізаттың дайындығы**

Мақсаты: негізгі шикізатты (ұн мен су) және қосымша шикізатты (қоспаларды құнарландыратын: жұмыртқа өнімдері, құрғақ сүт, көкөніс ұнтақтары және т.б.) қамыр илеу процессіне дайындау.



1.3-сурет – Ұнды қамыр илеу процессіне дайындау

Өндіру зертханасының нұсқаулығына сәйкес ұнды ауамен құнарландырып елеп, құрамындағы металло-магниттік қоспалардан тазалайды. Егер ұнның температурасы  $10^{\circ}\text{C}$  төмен болса, ұнды нұсқаулыққа сәйкес жылытып дайындайды. Макарон қамырын илеуге арналған суды нақты технологиялық нұсқаулықта көрсетілген температураға дейін жылуалмасу аппараттарында жылытады. Зертханада судың сапасын тексерген соң сұйық қоспалар қосылып, суда ерітіліп, аралас қоспадан өлшенген бөлшектер бөлініп алынады. Тауық жұмыртқасын қолдану алдында жуып, ал меланжды жібітеді.

### **1.2.2 Макарон қамырын дайындау**

Мақсаты: өндіретін макарон өнімдерінің түріне байланысты рецептураға сәйкес қамырды жасау.



1.4-сурет – Макарон қамырын дайындау процесі

Шикізатты қолмен немесе үздіксіз және мерзімді әрекет беретін дозатор көмегімен қамыр илейтін аппаратқа салады. Су мен ұн 3:1 қатынасында қосылады. Сумен қоса қамыр құрамына сұйық қоспаларды қосады. Құрғақ қосымша шикізатты (жұмыртқа ұнтағы, көкөніс ұнтағы) ұнмен бірге ротациялық қоспалар көмегімен дозланады. Ұнды интенсивті араластыру барысында ұн бөлшектері ылғалдандырылып ашытылады[2].

### 1.2.3 Қамырды пресстеу

Мақсаты: қамырды нығыздап, алдағы уақытта пішін беру үшін тұтқыр-пластикалық масса алу.



1.5-сурет – Макарон қамырын пресстеу процесі




Өндірісте макарон қамырын нығыздау үшін үздіксіз жұмыс жасайтын шнекті пресс қолданылады. Шнек (неміс тілінен аударғанда «ұлу») – ось бойында винттік беті бар стержень. Шнек айналу барысында қамырдың ұнтақталған массасы цилиндр бойымен айнала отырып, керек пішінді өнім алу үшін матрицаға түседі. Ол қамырдың ылғалдандырылған түйіршіктерін цилиндр бойымен тасымалдау механизмінің қызметін атқарады. Қамыр бөліктері бір-бірімен тығыз байланыса отырып нығыздалады, нәтижесінде масса нығыздалып, пластикалық қамырға айналады[11].

#### 1.2.4 Шикі өнімдерді жасау

Мақсаты: қажетті өлшемдегі макарон өнімдерін алып, кептіруге дайындау.



1.6-сурет – «Спираль» макарондарын жасау процесі



1.7-сурет – «Мүйіз тәріздес» макарондарды жасау процесі

Шикізатты қажетті пішінге және ұзындыққа кеседі. Кесу барысында немесе кесу алдында шикізатты қамырдың бетінде кептірілген қатпарды алу мақсатында ауамен құнарландырады. Бұл өнімнің пышақтармен кептіру беттеріне жабысып қалмауының алдын алады. Қолданылатын кептіру аппараты шығарылатын өнімнің түріне байланысты анықталады. Нәтижесінде кептіруге жіберу үшін шикізатты арнайы торлы транспортер немесе жиектемелерге қояды немесе кептіру тіректеріне іледі[12].

### 1.2.5 Өнімдерді кептіру

Мақсаты: жартылай фабрикат құрамынан ылғалды шығару, өнімнің пішінін бекіту, артық ылғалды шығару барысында қажет емес микроорганизмдердің алдын алу.



1.8-сурет – Макарон өнімдерін кептіру процесі

Технологиялық процестің бұл кезеңі әлдеқайда ұзақ болып саналады. Дұрыс кептіру қағидаларынан дайын өнімнің мықтылығы мен сақталуы тікелей байланысты болып келеді. Интенсивті кептіру макарон өнімдерінің бетінде жарықшақтардың пайда болуына әкеледі. Тым баяу кептіру макарон өнімдерін ашып, олардың көгеруіне әкеліп соғады. Өндірісте макарон өнімдерін қыздырылған ауамен кептіру әдісі кеңінен қолданылады[11].

### 1.2.6 Кептірілген өнімдерді суыту

Мақсаты: кептірілген макарон өнімдерінің температурасын орау бөлімінің температурасына сәйкестендіру.





1.9-сурет – Кептірілген өнімдерді арнайы камераларда суыту

Дайын өнімнің сапасын сақтап қалу мақсатында арнайы камераларда немесе бункерлерде баяу суыту дұрыс болып табылады. Егер макарон өнімдерін суытпай орайтын болса қаптама ішінде ылғал бөлініп, нәтижесінде өнімнің массасы азаяды. Егер су өтпейтін қаптама қолданылатын болса, қаптама ішінде бөтен микрофлораның қалыптасуына қолайлы жағдай пайда болады[8].

### 1.2.7 Қаптау

Мақсаты: макарон өнімдерін бұзылудан сақтау және олардың жоғары сапасын сақтай отырып, тасымалдауға жағдай жасау.



1.10-сурет – Кептірілген өнімдерді қаптау процесі

Дайын өнімдерді қолмен немесе арнайы машиналармен кішкентай қораптар мен пакеттерге қаптайды, не болмаса ірі қораптарға, жәшіктерге, көп қабатты қағаз қаптарға салады[11].

### 1.3 Макарон өнімдерін өндіру үшін шикізаттар

Макарон өнімдерін өндірудегі негізгі шикізат түрлері бидай дәні және судан алынатын ұн болып табылады.

Бидай – біздің эрамызға дейінгі 6,5 мың жыл бұрын адамға белгілі ең ежелгі дәнді дақыл. Қазіргі уақытта бұл ең маңызды сауда дақылы, оған әлемде шамамен 220млн га жер берілген. Бидайдың 20 аса түрі бар, оның ішінен кең таралғаны жұмсақ (*Triticum vulgare*) және қатты (*Triticum durum*) бидайлары.

Бидай типтерге, класстар мен сорттарға бөлінеді. Типтерге бөлу негізінен келесідей қасиеттер жатады: ботаникалық түр (жұмсақ және қатты), биологиялық пішін (қыстық, күзде өсірілетін, көктемде өсірілетін) және түс (қызыл дәнді немесе ақ дәнді)[4].

Кесте 1.3 – Бидайды типтерге бөлу

Тип нөмірі	Биологиялық және ботаникалық ерекшеліктері бойынша типтер белгілері	Типше нөмірі	Түсі бойынша типтер белгілері	Орташа шынытүрлігі %
I	Қызылдәнді	1	Күңгірт-қызыл	75 кем емес
		2	Қызыл	» » 60
		3	Ашық-қызыл	» » 40
		4	Сары-қызыл	» » 40
		5	Сары	40 кем емес
II	Қатты (дурум)	1	Күңгірт-кәріптас	Нормаланбаған
		2	Ашық-кәріптас	Нормаланған
III	Ақдәнді	1	Ақ	60 кем емес
		2	»	60 кем
IV	Қыстық қызылдәнді	1	Күңгірт-қызыл	75 кем емес
		2	Қызыл	» » 60
		3	Ашық-қызыл	» » 40
		4	Сары-қызыл	» » 40
		5	Сары	40 кем
V	Қыстық ақдәнді		Типтері жоқ	–

Бидайды типтерге бөлудің белгілері: дән түсі және оның сыну кезіндегі шыны тәріздік дәрежесі.



1.11-сурет – Бидай дәні: а – жұмсақ, б – қатты

Жұмсақ бидайдың қатты бидайдың жоғары егістігімен салыстырғанда, ол төмен макарондық қасиеттері бар.

Өндірістің технологиялық режимін сақтаған кезде қатты бидайдан жасалынған макарон өнімдері құрғақ күйінде ашық-сары, алтын түсті, жоғары төзімділігі бар, ұзақ қайнатудан соң мөлдір қайнаған су қалады, өз пішінін жоғалтпайды, бір-бірімен жабыспайды, ашық-сары түсті және жағымды иіс пен дәмі бар. Алайда қатты бидайдың жетіспеушілігінен және жоғары бағасына байланысты, сонымен қатар арзанырақ макарон өнімдерінің сорттары үшін қатты бидайдың төменгі сорттарын қолданады[4].

### 1.3.1 Бидай дәнін езу

Бидай дәнін езу және одан сорттық ұндарды алу – қазіргі заманғы диірмендерде іске асыралатын күрделі технологиялық үрдіс.

Дәнді езу екі негізгі кезеңге бөлінеді: дәнді езуге дайындау және сол дәнді езіп, оны ұнға айналдыру.



1.12-сурет – Бидай дәнін езу процесі



### 1.3.2 Ұнның химиялық құрамы және оның компоненттерінің қасиеттері

Дәнді сорттық езу кезінде одан қабық пен ұрықты бөліп тастауға, ал дән эндоспермасын ұнға айналдыруға тырысса, онда ұнның химиялық құрамы дәннің негізгі құрамы аз клетчаткалар, минералды заттар, май мен ақуыздары бар химиялық құрамынан өзгеше болып келеді.

Кесте 1.4 – Жоғарғы, I,II сортты нанпісіргіш ұндардың орташа химиялық құрамы (100 г ұнда)

Ұн сорты	Су	Ақуыз	Май	Моно және дисахаридтер	крахмал	клетчатка	күйе
	грамм бойынша						
Жоғарғы	4,0	10,3	1,1	0,2	68,7	0,1	0,5
I	4,0	10,6	1,3	0,5	67,1	0,2	0,7
II	4,0	11,7	1,8	0,9	62,8	0,6	1,1

Кесте 1.5 – Жоғарғы, I,II сортты нанпісіргіш ұндардың орташа химиялық құрамы

Ұн сорты	Минералдық заттар						витаминдер		
	Na	K	Ca	Mg	P	Fe	B <sub>1</sub>	B <sub>2</sub>	PP
	грамм бойынша								
Жоғарғы	3	22	18	16	86	1,2	0,17	0,04	1,20
I	4	76	24	44	115	2,1	0,25	0,08	2,20
II	6	51	32	73	184	3,9	0,37	0,12	4,55

### 1.3.3 Майлар

Бидай дәнінде сақталынған негізгі майлар (липидтер) массасы ұрыққа бағытталған, яғни қабықтармен бірге ұнды илеу кезіндегі дәннен айыруға тырысқан бөлігінде. Осының әсерінен бидай ұнындағы майлар құрамы 2%-дан аспайды, яғни сорты жоғары болған сайын төмендей береді[11].

### 1.3.4 Каротиноидтер

Бұл топқа сары не сарғылт түске боялған заттар кіреді. Макарон өндірісінде ұнда каротиноидтердің бар болуы өнімнің тартымды ашық-сары түсімен шартталынған. Қатысты каротиноидтердің үлкен мөлшері қатты бидай азықтарында орналасқан, азырағы – жұмсақта және олар нанпісіргіш жұмсақ бидай ұнында жоқ десе де болады. Дәл сондықтан қатты және жұмсақ бидай азықтары макарон өндірісінің негізгі ұн шикізаты болып табылады[8].

### 1.3.5 Минералды заттар

Ұнның минералды заттарына ұнды толық жандырғаннан кейін күл күйінде қалатын заттар жатады. Бидай дәнінде жоғары күлдігі қабық пен алейрондық қабатта, олар өз кезегінде езу кезінде алып тастауға тырысады, ал ең төменгі – эндоспермнің орталық бөлігінде, күйелік мөлшері бірінші ретте ұн сортын анықтайды: ұндағы күйе аз болған сайын сортта жоғарылай береді[11].

### 1.4 Қосымша шикізаттар

Байытылған қоспалар өнімнің азықтық құнын жоғарылатады, сонымен бірге жиі олардың түсі мен дәмін өзгертеді. Байытылған қоспалар ретінде жиі жұмыртқалар мен жұмыртқа азықтарын (жұмыртқа ұнтақтары, меланж), сонымен қатар сүт өнімдері (құрғақ сүт, майлы емес ірімшік) және кейбір дәрумендерді қолданады[8].

Дәмдік қоспалар өнімдердің қоректік бағасын жоғарылатпайды, бірақ оларға ерекше дәм мен түс береді. Бұл қоспаларға бірінше кезекте түрлі көкөністік пасталарды, пюре және ұнтақтарды жатқызады.

#### 1.4.1 Жұмыртқа

Жұмыртқаның негізгі құраушы бөліктері – ақуыз. Жұмыртқаның орташа массасы 55г, ал оның құраушы бөліктерінің массасы (пайызы барлық жұмыртқа массасынан) келесідей: ақуыз – 58,5, сарыуыз – 30, қабыршағы – 11,5. Жұмыртқа массасының ылғалдылығы (ақуыз бен сарыуыз) 75%.

#### 1.4.2 Жұмыртқа ұнтағы

Жұмыртқа массасын кептіру арқылы алады. Жұмыртқа ұнтағы бүкіл массада біртекті ашық-сары түсі және оңай езілетін қабықтары бар ұнтақ тәріздес құрылымнан тұрады. Ұнтақ ерекше дәм мен иіссіз кептірілген жұмыртқаға тән дәмі мен иісі болуы тиіс[11].



1.12-сурет – Жұмыртқа ұнтағы

### 1.4.3 Жұмыртқа меланжы

Минус 18°C температурада мұздатылған жұмыртқа ақуызы мен сарыуыздың қатынасының араласуы арқылы қабықтан ажыратылған өнім.



1.13-сурет – Жұмыртқа меланжы

МЕМСТ 12149-2010 талаптарына сәйкес меланж консистенциясы мұздатылған күйінде қатты және сұйық болуы қажет, дефростирленгеннен кейін біртекті; түсі-мұздатылған күйінде сарғылт түсті және дефростирленгеннен соң ашық- сарыдан сарғылт түске дейін; иісі мен дәмі - берілген өнімге тән, еш бір бөгде иіс пен дәмсіз болуы тиіс[1].

### 1.5 Ұнды дайындау

Ұнды өндіріске дайындау араластырудан, елеуден, магниттік тазалау және өлшеуден тұрады.


#### 1.5.1 Ұнды араластыру

Бір сортағы ұнның түрлі партияларын анық қатынаста көрсеткіші жоғарырақ басқа бір партияның сапа көрсеткішін жоғарылату үшін араластырады. Есептеулерді орташа арифметикалық әдіс арқылы жүргізеді. Егер А және С партияда бар ұнның қандай да бір мөлшер көрсеткіші болсын, мұнда  $A > C$ . В көрсеткіші бойынша араласқан өнімді алу қажет, яғни мұнда  $A > B > C$ [11].



Бұл жағдайда 1кг А ұн партиясына С ұн партиясының  $x$  кг қажет:  
 $x=(A-B)/(B-C)$ .

Есептеулер үшін тағы диагональдер әдісін де қолданса болады: квадраттың сол жақ бұрышында негізгі партиялардың шама көрсеткіштерін қояды ( $A$  және  $C$ ), орталығында - ( $B$ ) көрсеткішінің берілген шамалары; сәйкесінше есептеулерден соң оң жақ бұрышта негізгі ұн партиясының мөлшерлері көрсетіледі:



### 1.5.2 Ұнды тазалау

Ұн бөлшектерінен үлкен мөлшерімен ерекшеленетін кездейсоқ заттарды (қапшық бөлшектері, ұнның қалып қалған қалдықтары) алып тастау үшін жасалады.



1.14-сурет – Ұн тазалайтын бурат


Тазалау үшін әдетте бураттар, «Пионер» тазалағыштары, орта жүргізілген елеуіштер, 1,0ден 1,6 мм дейін мөлшердегі тесіктері бар металл ситалар қолданылады[11].

### 1.6 Қамыр ингредиенттерін дозалау және араластыру

Өнеркәсіптік пресстердің құрамына кіретін үздіксіз камырилегіштерде ингредиенттердің араласуы жүреді. Ұн мен суды үздіксіз әрекеттегі дозаторлардың көмегімен камырилегішке салынады.

Илеудің алдында дозаторлардың жұмысын бақылауын жүргізіледі. Ол үшін қамыриленетін ыдысқа дозатор арқылы берілетін ұн мен суды 2-5 минут арасында жинайды, содан соң оның массасын анықтайды. Осыдан кейін қажет болған жағдайда дозаторлардың жұмысының реттелуін жүргізеді[5].

Мысал. Рецепттураға сәйкес қамырдың иленуі әр 100 кг ұн қамырилегішке 29,4 л су берілу қажет.



1.15-сурет – Қоспаларды дайындау және мөлшерлеу үшін Б6-ЛОА құрылғысының технологиялық сұлбасы

Ұн мен судың дозаторының жұмыс бақылауы көрсеткендей, әр 9,62 кг ұнға қамырилегішке 3,01 л су беріледі. Осылайша, әр 100кг ұнға  $(3,01 \cdot 100) / 9,62 = 31,3$  л су беріледі, яғни  $31,3 - 29,4 = 1,9$  л су рецепттурада көрсетілгеннен көбірек. Су дозаторының жұмысын реттеп тұру қажет.

Қоспалары бар макарон өнімдерін жасағанда арнайы суда еріткеннен кейін немесе су эмульсиясында дайындағаннан кейін оларды су дозаторы арқылы қамырилегіш ыдыспен береді. Бұл мақсатта фабрикаларда Б6-ЛОА қоспаларын дайындау үшін қондырғаларын қолданады, оның технологиялық сұлбасы 1.5-суретте көрсетілген.

Рецептурада қарастырылған қоспалар 1 илегіш ыдысқа саңылауы арқылы енеді, осыдан кейін ыдысқа тұрба  $45^{\circ}\text{C}$  аспайтын температурамен 200л белгісінен аспайтын су беріледі және 2 пропеллерлі араластырғышын қосады. 5 минуттан кейін араластырғышты өшіріп және 500л-ға дейін суды араластырғыш-бакка тағы құяды. Қайта араластырғышты қосып және 12 минут екпінді араластырудан кейін араластырғыш-ыдыстағы сұйықтықты 3 насоспен 4 жинағыш-бакка жинайды. Соңғысынан сұйықтық немесе қоспалардың су эмульсиясы 5 дозаланғыш насосқа коллектор арқылы беріледі. Олар әр пресске қамыриленгіште орнатылған[3].

## 2 Арнайы бөлім

### 2.1 Шнектік камерадағы қамырдың жылжуы

Шнектік камерадағы макарон қамырының жылжу және пресстеу үрдісін қарастырғанда төрт зонаны айыру қабылданған (2.1 -сурет): I – қамырды қабылдау және тасымалдау, II – пресстеу, III – шнек иірімдері бойынша пресстелген қамырдың жылжуы, IV - шнектің цилиндрлік тұрба арнасы және пресстік басы бойынша пресстелген қамырдың айдауы.

Шнек иірімдерімен құрылатын үздіксіз бұрандалы беті айналу кезінде қамыр бөлшектерімен жанасып, оларға қысым көрсетеді. I зонада қамыр массасы еркін жылжиды және оның бөлшектері бір бірімен байланыспаған.

II зонада I зонамен салыстырғанда масса тығыздалады және бөлшектердің байланысу дәрежесі көбейеді. Алдымен еркін иірім аралық шнектің көлемі толтырылады, содан соң қамыр бөлшектер арасындағы қуыстардың азаюымен және одан ауқымды ауа мөлшерінің шығарылуымен толтырылады[9].



2.1-сурет – Шнектік пресстің пресстеуші құрылғысын зоналарға бөлу

II зонада қамырды біртіндеп қысып және максималды түрде тығыздалуы нәтижесінде қысымның нөлден пресстеу қысым мөлшеріне дейін өсуі қамтамасыз етіледі. Қамыр массасы қысымының өсуіне байланысты бөлшектердің және шнек қабаттарының, шнектік камераларының өзара жабысу күші жоғарылайды. Осылайша II зонада шнекпен бірге қамыр массасы да айнала бастайды: ол I зонадағыдай тек енгіш қозғалысты ғана емес, айналғыш-ену қозғалысын да жасайды.

